



**«Кадырбаев оқулары – 2020»
VI Халықаралық ғылыми
конференциясы**



**VI Международная научная
конференция
«Кадырбаевские чтения – 2020»**



«АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҚОРЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯ: ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ, ЖҮЙЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ»

Б.С. Есіркепов

1929 жылы құрылған Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі тек қана Батыс Қазақстанда ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша мәдени-ғылыми орталық болып табылады. Музей қорында табиғи, археологиялық, этнографиялық, халықтық өнер т.б. заттары мен бұйымдары шоғырланған. Өлкеміздің тарихы, мәдениеті мен шежіресінен сыр шертетін музей экспозициясы ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып, Отандық тарих пен өлке тарихының негізгі кезеңдерін зерттеп, білім алудың дерек көздеріне айналды.

Зерттеу барысында алғашқы этнографиялық экспонаттардың музей құрылған жылдары жинақтала бастағанын көреміз. Музейдің ғылыми қорында сақталған 1931 жылғы жылдық есепте «...пополнение музея материалами предствляемых явлений старого народного быта казахов и достижения элементов нового культурного быта при Советской власти» деп жазылған (АОММ – 13 қор, 1 тіркеу, 3935 іс, 9б). Ал, 1935 жылғы музейдің жылдық есебінде экспозицияға қатысты бөлімінде «...в бытовом отделе показаны одежда, утварь, украшения казахского народа, выставлены маникены казахи и казашки» деп жазылған (Годовые отчеты о работе музея за 1931–1946 гг.// Научный архив АОИКМ, Инв. № 1, 6-7 б)

Ал, түскен заттарды жүйелеу жұмыстары туралы 1946 жылғы облыстық музейдің қызметіне байланысты есебінде. «Научная деятельность музея заключается в основном в подборе и проработке и систематизации материалов, вновь поступивших в отделы музея» – деп көрсетілген (Годовые отчеты о работе музея за 1931–1946 гг.// Научный архив АОИКМ, Инв. № 1, 4б). Алғашқы жылдары түскен экспонаттардың ішінде құнды жәдігерлер қатарына жататындары да жеткілікті. 1947 жылдың тіркеуіне назар аударсақ: ұлттық киімдер ішінен қызыл барқытқа алтын түсті жіппен кесте төгіп тігілген-қыжым кебіс, 232 дана – күміс ұлттық әшекей бұйымдар тіркелген (Ғасырлар мұрасының шырақшысы // Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі / М.Н. Дүйсенғалидің жалпы редакциясымен. – Ақтөбе, 2014.77б).

1948 жылғы жылдық есепте музей қорына түскен экспонаттар қатарында «по казахскому быту и историко-революционное прошлое Казахстана, – казахские национальные вещи; куржун, шаровары, женское платье, халаты, принадлежности кибитки с надписями из корана, пояса, шапка, чапан, сундуки с национальным орнаментами, кольца, браслеты, подвески и т.д.» – деп көрсетіледі (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. – Ақтөбе, 2009, 56б). Бұдан көретініміз қазақтың тұрмыстық этнографиялық бұйымдары музей қорына музейдің алғашқы құрылған жылынан бастап әр жылдары толығып отырған. Экспонаттарды әктілеу жұмысы жүргізілмесе де 1947-ші, 1953-ші жылдарда түскен тізімі жасалып, сақталған, және кейбір тапсырушылардың аты-жөндері, не тапсырғандары туралы мәліметтер ескі парақшаларда жазылған. Музей қорын толықтыру

мақсатында әр жылдары аудандарға кешенді экспедициялар ұйымдастырып отыратыны белгілі. Байғанин, Ойыл, Қарабұтақ аудандарына экспедиция кезінде құжат материалдар, заттай материалдар жинақталған (Годовой отчет о работе музея за 1947–1949 гг. // Научный архив АОИКМ, Инв. № 3, 476).

Қорға қабылданған экспонаттардың көп бөлігі ғылыми зерттеліп, жүйеленіп, тіркеу кітабына заңды түрде тіркелмеуіне алдымен музейдің тұрақты ғимаратының болмауының ықпалы болғаны сөзсіз. Жергілікті өлкетанушылардың қолдауымен ашылған музей көп жылдар тұрақты мекенжай көрмегендіктен жинақталған экспонаттардың көпшілігін сақтау мүмкіншілігі болмады. Оның ішінде жүннен жасалған бұйымдар тез бұзылып, көгеріп сақталуы бірден өзгеріп отырған. Музей бірнеше ғимаратқа көшіп, Ұлы Отан соғысы жылдары музей өз қызметін уақытша тоқтатып, музей экспонаттары температурасы экспонат сақтауға сәйкес келмейтін қоймаларда тұрған. Бұл туралы музей қорында сақталған жылдық есептердің «О состояний музея» тарауында жылдар бойы кездесіп келген музейдің ғимаратына байланысты қиындықтар мен экспонаттарды сақтауға, тіркеуге байланысты жүйелі инвентарлық кітаптың жоқтығын алға тартып есеп тапсырылған (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. – Ақтөбе, 2009, 4-76). 1946 жылдары музей көшірілген ғимараттың астыңғы бөлігі түгел көкөніс қоймасы болған. Жаз мезгілінде жағымсыз иіс барлық музейді алып кетсе (3 бөлмеге орналасқан музей), қыс мезгілінде өте суық болғандықтан, көптеген экспонаттар бұзылып, жарылу жағдайларына ұшыраған. Осындай қиындықтарға қарамастан музейге құнды экспонаттар тұрмыстық бұйымдар, қазақтың ұлттық бұйымдары: киімдері, зергерлік бұйымдардың түрлері базардан, жеке адамдардан сатып алынған, сый ретінде қабылданғандары да бар. Мысалы: әйел адамның зерленген барқыт көйлегі, қыз баланың зерлі бас киімі, тері шалбар түрлері, ат әбзелдері, коржын, арабша жазуы бар тостаған, сүйектелген қант шаққыштар, сүйектелген домбыра, картиналар және т.б. экспонаттар музей қорына алынған. (Годовые отчеты о работе музея за 1931–1946 гг. // Научный архив АОИКМ, Инв. № 1, 6-7 б)

1949 жылы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне келген тексерушілердің актісінде музей экспозициясындағы этнографиялық бұйымдарға «...Уголок дореволюционного казахского быта представлен двумя манекенами в богатых разукрашенных одеждах в окружении всевозможных драгоценных вещей, и он действительно идеализирует патриархальную беспечную жизнь баев, не давая никакого представления о нищенском быте трудовых дореволюционных казахов-кочевников» деп жазылған. Яғни, 1949 жылы музей экспозициясында көрсетілген қазақтың ұлттық киімдері келушілердің көзін тартатындай құнды дүниелермен безендірілгенін айтады. Жасалған ескертуде Кеңес Одағының саясатына сәйкес қазақ байларының құнды жәдігерлерін музей экспозициясында көрсетпеу шаралары қаралған. Қазақтың ұлттық құнды дүниелерін, этнографиялық заттарды музей қорына жинақтауға сол кездегі саясаттың да кері әсерінің болғандығын байқаймыз. Ескерту барысында облыстық музей қорына келіп түскен экспонаттардың ғылыми жүйеленбегені де көрсетіледі. Онда «..Музейные работники мало занимаются изучением и систематизацией музейного фонда, в результате чего

большинство экспонатов музея не имеют научного описания» деп жазылған (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. – Ақтөбе, 2009, 126). Осы олқылықтарды ескерте отырып, бір жүйеге келтіруді қаулы еткен. Музей қорына байланысты «...В делах участие населения в пополнении музейного фонда выпустить печатные листовки – обращения к населению об оказании помощи музею в сборе краеведческого материала» деп бағыт көрсетілген (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. – Ақтөбе, 2009, 136). Аталған ескертпелерден келесі жылдары нәтижелер шығара бастаған. Мысалы, 1950 жылдан музейге келіп түскен экспонаттарды тіркеу кітабы басталып, осыған дейін жасалмаған жүйелі тіркеу жұмыстары жүргізіле бастайды. 1951 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркеу кітабына енгізілген экспонаттар саны 1967 дананы құраған. Оның 1120 данасы музей экспозициясына қойылған (Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4, 146).

Музей 1950 жылы бар болғаны 120 шаршы метр болатын ғимаратта өз қызметін атқарады. Оның 16 шаршы метрі музей кітапханасы мен қор сақтау бөлмесі болады. Ғимарат қыс мезгілінде жылусыз болған (Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4, 2-36). Музей экспозициясында қазақ халқының тұрмыстық – киімдері, әшекей бұйымдары, ыдыс-аяқ және басқа да тұрмыстық заттары мен қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің үлгісі жинақталып, әйнек витриналарда көрсетілген (Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4, 76). Осы жылдан бастап музей залдары мен қорында сақталған этнографиялық бұйымдар түрлі жәндіктер мен насикомдардан залалсыздандырылады (Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4, 126). Жыл басынан облыстың тұрғындарынан этнографиялық деректер, қазақтың ұлттық киім-кешегі, әшекейлері, тұрмыстық заттары, өндірістік құралдар және Амангелді Иманов отрядынан шапашот т.б. бұйымдар жиналған (Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4, 146)

Революцияға дейінгі (кейінгі археология және этнография бөлімі) кезенді қамтыған экспозицияда өлкеге тән археологиялық жәдігерлер, батыр сауыты мен дулығасы көрсетілген. Этнографиялық материалдарына қатысты: «... Экспонируется богатый этнографический материал: одежда, посуда и другие утварь, украшение, мебель, которые выделялись искусными мастерами казаками бедняками» деп есеп берген. (Годовой отчет о работе музея за 1951 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 5, 66).

1952 жылы музей экспозициясында қазақ халқының қолөнер шеберлерінің туындылары мен күнделікті қолданыста болған этнографиялық бұйымдары: киім үлгілері, әшекей бұйымдары, ыдыстары және басқалары көпшілік назарына ұсынылған. Осы кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты бағыты музей қорына түскен экспонаттарды зерттеу, жергілікті тұрғындардан өлке тарихына байланысты құнды жәдірлерді жинақтаған. (Годовые отчеты о работе музея за 1951–1952 годы. // Научный архив АОИМК, 34-366).

1955 жылдары музейдің қор сақтау бөлмесінде заттай экспонаттар мен қосымша материалдар сақталған. Музей экспозициясына бөлінген залдардың тарлығына байланысты қазақтың өнерін көрсететін құнды экспонаттарды

көпшілік назарына ұсыну мүмкіндігінің жоқтығы жылдық есепте мәселе болып жазылып, осыған орай құнды этнографиялық экспонаттар музей қорындағы сөрелерде сақталып келеді деп көрсетеді (Годовой отчет о работе музея за 1953 год. // Научный архив АОИКМ. Инв. № 7. 3б).

1957 жылдың жылдық есебінде музей қорында сақталған және жаңадан келіп түскен жәдігерлерге ғылыми сипаттамалары жазылып, жүйеленген. Өлке тарихына байланысты құжаттар мен этнографиялық бұйымдар, археологиялық, палеонтологиялық және т.б. экспонаттар жинақталған. Жыл ішінде 59 дана экспонат жинақталып, музей қорындағы экспонат саны 1254 данаға жеткен (Годовой отчет о работе музея за 1957 год. // Научный архив АОИКМ. Инв. № 18., 14-15б).

1958 жылы облыстық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтауға арналған бөлмелерінің тарлығына байланысты әрі құнды жәдігерлерді арнайы сақтау сөрелері мен қораптардың жоқтығына қарамастан музей қызметкерлері облыстың тұрмысы мен өнеріне қатысты экспонаттарды музей қорына жинақтау жұмыстарын жалғастырып, 14 дана экспонат жинақтаған. 1958 жылы экспонат саны 1268 данаға жеткен (Годовой отчет о работе музея за 1958 год. // Научный архив АОИКМ. Инв. №9, 15-16б).

1965 жылғы облыстық музей қорына қабылдау актісінің алғашқы экспонаттары қатарына облыстың табиғи ескерткіштері тіркелген. Ал, этнографиялық экспонаттардың алғашқысы болып, 25 желтоқсандағы қабылдау актісімен НҚТ–266 тіркеу нөмірімен алаша, НҚТ–189/1–2 нөмірімен сырға, НҚТ–103 тіркеу нөмірімен сақина тіркелген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 10б).

Акті бойынша тіркелген экспонаттарды қабылдау барысында №1 хаттама толтырылған. Комиссия мүшесінде қор бөлімінің меңгерушісі Савина П.М., аға ғылыми қызметкер Р.Ильсова және аға зал қараушы Т.Кужанова қатысқан. Хаттамада этнографиялық экспонаттардың сақталуы, өлшемі, жасаған шебері және иесі жазылған. Алашаның өлшемі 1,50×2,27 м, иесі: Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы, Алтынсарин көшесі №7 үй тұрғыны Байтуринова Бопе, құжат № 671760 жазылған. Экспонаттардың сақталуы жақсы және қаулы бойынша Алашаны – 80 рубльге, сырғаны – 3,50 рубльге, сақинаны – 3,50 рубльге, барлығы 87 рубльге сатып алсын деген қаулы жасалған. Осы қабылданған экспонаттардың ішінде сырға мен сақинаға коллекциялық опись толтырылған. Оның «подробное наименование коллекции» атты бөлігіне «серги и кольцо серебрянные» деп толтырылған. Описе берілген мәлімет бойынша: Сырға – ұзынша келген екі бөліктен біріктірілген, қызыл ақықпен әшекейленген. 1913–1915 жылдары жасалған. Сақинаның – үлкен ақық тасы бар. Жоғарыда аталған иесі туралы мәлімет жазылған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 11б).

1966 жылғы қабылдау актілерде тіркелген экспонаттар арасында қоныс аударушылардың тұрмыстық, этнографиялық заттары қабылданғандары көптеп кездеседі. 1966 жылдың 24 наурыз №22 актісінде Орынбор облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қоныстанушылардың 3 дана киімдерін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ұлттық киімдермен ауыстырылғаны туралы жазылған. Хаттамада Орынбор облыстық

тарихи-өлкетану музейі қорынан ауыстырылған киім үлгілерінің сипаттамасы мен инвентарлық нөмірі толық жазылғанмен, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан берілген қазақтың ұлттық киімінің саны, сипаттамасы туралы мәлімет берілмеген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 31-32б).

Осы жылдың №7 қабылдау актісінде орыс халқының рубель деп аталатын құралын (кір жазатын және былғарыны ысатын ағаш тақта) Тамбов облысынан қоныстанушы Юдина тапсырған. Сонымен бірге «Кеңестік кезеңге дейінгі» бөлімнің «қоныс аударушыларға» арналған экспозициясына қоюға арнайы ағаш үтік, рубель және бу үтікті қала тұрғыны Кожаква Валентина Николаевнадан сатып алынған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 7-9б). Музей қорына қонысаударушылардың заттарын толықтыру мақсатында байпақ басуға арналған құралдар жиынтығы тағы да басқа барлығы 11 дана орыс халқының заттарын сатып алған. Қабылдау актісінде көрсетілгендей, бұл заттар Ақтөбе жеріне 1901-жылдары қоныс аударушы Бельдяков Степан Никифоровичке тиесілі болған. Музей қорына Бельдяковтың әйелі Бельдякова Райса Тимофеевнадан сатып алынған. Сонымен бірге осы жылы музей қорына халық ақыны, жыршы Нұрпейіс Байганиннің тұтынған эмалданған шәйнегі қабылданған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 10, 19б). № 27 қабылдау актісінде көрсетілген қазақ ұлттық ою-өрнектерімен нақышталған басқұр тапсырылған. Басқұрды шебер Мырзалиева Күлжәй тапсырған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 17б). Сонымен бірге келі-келсап пен тас диірменді Қалмұратовадан және осы қабылдау актісімен тіркелген жібек әйел көйлегін Украинадан келген қоныстанушы А.М. Авдиновскаядан музей қорына қабылданған. Ал № 32 қабылдау актісінде шойын қазан, ұстаның құралы скенже, құман, шалғы орақ, қол орақ, жүн түткіш тағы басқа заттар тіркелген. Аталған заттар Сарсенов Санбайдан сатып алынған. Музейдің Кеңестік кезеңге дейінгі бөлімінің «қоныстанушылар» экспозициясын жаңғырту мақсатында қала тұрғыны Ф.С. Колякинадан орыс халқының түрлі-түсті жібек орамалын сатып алған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 48,52,57б). Қазақ халқының ұлттық этнографиялық бұйымдарынан текемет, қымыз құюға арналған ағаштан жасалған ыдыс, жүннен есілген арқан, қамшы, май сақтауға арналған үрмелі қарын және бүйін, тігілген орамал сияқты заттарды Ақтөбе қаласының тұрғыны Хайрекенов Жұмабайдан сатып алған. Әйел адамдардың киетін көксауыр етігі мен ер адамдарға арналған белдік тапсырылған. Белдікті қала тұрғыны Қожамұратова Замзаннан сатып алған. Қазақ ұлттық ою-өрнектерімен нақышталған сырмақ Сарбасов Жұмабектен сатып алынған. Сырмақ Байганин ауданының шебері Сарбасова Разилияның қолынан шыққан (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года, 61,68,9б).

1967 жылы музей қорына ер азаматтың белдікке жалғай жасалған пышак қынабы бар күміс белдік Илюбаев Забеннен 50 рубльге сатып алған. Осы жылы музей қорын әшекей бұйымдармен толықтыру мақсатында 1892 жылы туылған Өтебаева Айшадан қазақы оюлармен нақышталған күміс білезік сатып алынған.

Өлкеге көшіп келген қоныс аударушылардың да заттары әр жылдары келіп түсіп отырған. Соның бірі қоныс аударушылардың 1890 жылдары Ресейден әкелген заттары. 1885-жылдары Ресейден сатып алынған «Зингер» іс машинасы, рубель, пряжа, орамал құмыра сияқты орыс халықтарының заттарын қоныстанушы М.П. Маловадан сатып алған. Татар халқының ұлттық көйлегі және орыс халқының үстел жапқышы (скатерт), орамал, көйлек жағасын қала тұрғыны З.Ю. Чураковадан сатып алынған. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің бірі түйе жүн шекпенді қала тұрғыны Сағындықова Тыныштықтан сатып алған. Шекпен 1945 жылы Шұбарқұдық елді-мекенінің тұрғыны, шебер Апталиева Ажардың қолынан тігілген (Годовые и полугодовые отчеты научных сотрудников за 1967–1969 годы. // Научный архив АОИМК. Инв. № 11, 11,44,496).

1968 жылы музей қорын қазақ халқының ер адамдарға арналған шапаны (шекпен) мен күмістен жасалған зергерлік бұйым түйме толықтыра түскен. 1968 жылдың № 250 қабылдау актісінде шапанның иесі Байганин ауданының тұрғыны адай руының өкілі Тілепбай екендігі жазылған. Музей қорына баласы Тілеген Тілепбай тапсырған. Қаз ССР-ң еңбек сіңірген әртісі Б. Сарыбаеваның тұтынған күміс әшекей бұйымдарын апасы Л.Е. Терекова музей қорына табыстаған. Тағы да бір қазақ қолөнерінің ерекше туындысы сүйектелген домбыраның музей қорына тапсырылуы. Ойыл өңірінен шыққан ағаш шебері К. Жилибаев (Қ. Жылыбаев болуы мүмкін) жасаған сүйектелген домбыраны 1968 жылы Жилибаева Несібелі музей қорына тапсырған. Күміс әшекей бұйымдардан білезік пен күміс жүзікті Мәртөк ауданының тұрғыны Бижанова Ұштаптан сатып алынған (Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1968 г., 118, 15, 23, 266).

1969 жылы музей қорындағы экспонаттар саны 7949 данаға жеткен. Сол жылы жинақталған экспонаттардың ішінде музей қорында құнды ірі экспонаттардың бірі қазақтың 6 қанатты киіз үйі көрнекті жабдықтармен сатып алынған. Аталған киіз үйді жиһаздармен толықтыру мақсатында кебеже, сандықтар, оюлы сандық, және тағы да басқа заттар алынған (Годовой отчет о работе музея за 1969 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 13, 10-116).

1969 жылғы № 440 қабылдау актісінде Башимбаев Білдірместен 6 қанатты киіз үй сатып алынған. Сатып алу актісінде көрсетілгендей киіз үйдің ағаш қаңқасы киізден жасалған туырлық, үзік, түндігі және маңызды бөліктер бас арқан, уық бау, желбау, кереге таңғыш, бақан, сықырлауық есігі және т.б. басқалары сатып алынған. Олардың ішінде 6 кереге, 120 уық, 1 шаңырақ және қосымша құралдары көрсетілген. Қорға экспонат қабылдау актісі бойынша 156 дана зат қабылданған. Барлығы 1350 рубльге сатып алынған. Онда ағаш үйді Октябрь ауданы Победа совхозының жергілікті шеберінің қолынан шыққандығы жазылып, аты-жөні көрсетілмеген. Ал, ішкі жабдықтары Башимбаев Білдірместің анасы Кенже Сәңкібаеваның қолынан шыққаны және киіз үйдің барлық жабдықтары жаңа және қалпына келтіруді талап етпейтінін жазған. Қорға келіп түскен актіде заттарға 1643 және 1650 аралықтағы тіркеу нөмірлерімен белгіленгені көрсетілген (Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1969–1970 годы., 112-1136). 1969 жылғы № 441 қабылдау актісінде шебер Кенже Сәңкібаеваның қолынан шыққан 12 дана ағаш

үй жабдықтары сатып алынған. Бұл 12 дана 1631–1642 тіркеу нөмірлерімен белгіленген Олардың ішінде киізбен қапталған сандық және тағы басқа киіз үйдің ішкі жабдықтары сатып алынған. Шебер Кенже Сәңкібаева 1885 жылы дүниеге келген Покровка ауылының тұрғыны деп толтырылған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1969–1970 годы, 1146).

1977 жылғы экспонат қабылдау актілерінде Ақтөбе өлкесіне қоныс аударушылардың этнографиялық заттары музей қорына түскені белгілі болды. 1977 жылдың № 2100 қабылдау актісінде украин халқының 52 өлшемді әйел жидесі Ақтөбе қаласы Профсоюзная көшесі 12 үй, 6 пәтер тұрғыны Ребчуновская Анна Ивановнадан 10 рубльге сатып алынғаны жазылған. Заттың аңызында жейдені Ребчуновская А Полтавадан әкелгендігі жөнінде дерек берілген. Осы жылы қазақтың ұлттық нақыштағы киімдері де музей қорын толықтырған. № 2116 қабылдау актісінде Ақтөбе қаласында Ленин даңғылы 49 үй, 41 пәтер тұрғыны Дүйісова Бадиғадан қасаба бас киімі 40 рубльге сатып алынған. Қасаба бас киімді оның әжесі жасында киіп ұрпағына мұра етіп қалдырғаны жазылған. Қазақтың қасаба бас киімі музейдің құнды экспонаттар қатарын толтырып, 2998 тіркеу нөмірімен белгіленген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1977–1979 годы. №14., 1,376). Сонымен қатар қабылдау актілерінде осы жылы қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен музей қоры толықтырылғаны белгілі болды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне 1978 жылы этнографиялық заттар көптеп тіркелген. Олардың ішінде киіз үйдің ішкі жабдықтары мен зергерлік бұйымдар кездеседі. 1978 жылғы қорға экспонат қабылдау актілерінің бірінде Байсадақова Бибізада Тахауқызынан 40 рубльге қазақ халқының ер азаматтары тағынған белдік сатып алынған. 19 қыркүйекте жазылған қорға экспонат қабылдау актісінде ұлттық нақышта жасалған белдік ұзындығы – 19 см, ені – 10см болатын 17 күміс бөлшектерден құралған деп жазылған. 1979 жылдың 20 қыркүйегінде жасалған хаттамада 3288 тіркеу нөміріндегі ұлттық нақышта жасалған ер азамат белдігінің бөлшегі 17 дана емес 19 дана болып, қорға экспонат қабылдау актісіне өзгерту енгізіліп, 2 данаға 3288/18–19 есептік нөмір жазылсын деп қаулы етілген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1977–1979 годы. №14., 256).

1983 жылы музей қорында жүйелеу жұмыстары жүргізілген. Облыстың аудандарына музей қызметкерлерінің арнайы экспедицияларының сапары барысында Шалқар ауданынан халық қолөнер шебері Баймағамбет Оразымбетұлының тұтынған құралдары мен оның қолынан шыққан құнды зергердің кешенді бұйымдары мен құралдарымен толыққан. Барлығы 33 дана затын музей қорына сыйға тапсырған. 1983 жылы музей қорында 28890 дана экспонат, оның 24100 данасы негізгі қорға, 4790 данасы қосымша қорға тіркелген. Осы жылы барлық этнографиялық экспонаттарға зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ғылыми паспорттары жазылған. Музей қорынан 12 дана этнографиялық экспонатқа реставрация қажеттілігіне байланысты іріктелген (Годовой отчет о работе музея за 1983 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 275, 3,9-106).

1984 жылы облыстың этнографиясын зерттеу және қолөнер бұйымдарын жинақтау мақсатында облыстың Байғанин ауданына экспедиция барысында

белгілі шебер Қарамұқан Басшиннің (1901–1982 жж.) тұтынған заттары мен бұйымдары музей қорын толықтырған. Экспедиция барысында Байганин ауданынан Есенкулова И. және Тажигулова Д. кілем шеберлері белгілі болып, олардың заттары музей қорына алынған. Осы жылы музейдің этнографиялық коллекциясы сүйекпен әшекейлеп жасалған бірегей шай сандықпен толыққан. Музей қорындағы этнографиялық коллекциядағы ұлттық киім үлгілерінің бірегей түрлері музей экспозициясына іріктеліп, көпшілікке насихаттау жұмыстары жоспарланған. 1983 жылдың № 1 қабылдау актісі бойынша музей қорына 3 дана зергерлік бұйымдарды қала тұрғыны Сарбалина Балзиядан 90 рубльге сатып алғаны жазылған. Олардың ішінде үлкен сопақ жүзік, шағын сопақ жүзік және шар тәрізді жасалған түйме бар. Сақталуы жақсы. Музейге № 9671–9673 нөмірлерімен тіркелген. Заттарды Сарбалина Балзияның анасы Ойыл ауданы Амангелді совхозының тұрғыны Тайпекова Әсима қолданған. Осы жылы Әділбекова Балаусадан қасқыр ішік 800 рубльге сатып алынған. Қасқыр ішік 9715 тіркеу нөмірімен белгіленген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1983 год., 3,1-9,24б).

1984 жылы Шалқар ауданына этнографиялық экспедиция барысында жинақталған экспонаттар қабылдау актілерімен музей қорына тіркелген. Онда Шалқар ауданы Сарбұлақ совхозының тұрғыны Рахманов Исаның музей қорына сыйға берген жалбағай бас киімі, тарамыс, көсеу, дойыр, мұрындық секілді заттары № 9930–9934 тіркеу нөмірімен қабылданған. Заттардың аңызында дойырды сол ауылдың тұрғыны, шебер Мұстафа Жаналиевтің қолынан шыққаны жазылған. Осы жылы К. Нұржігітовтен саптама етік, әйел адамдар киетін мәсілер барлығы 290 рубльге сатып алынған. Заттардың қайда, кім жасалғаны жазылмаған. Аңызында саптама етік бұрыңғы этнографиялық негізде екі аяққа бірдей кие беруге болатын етіп дайындалғаны жазылған. 1984 жылдың ерекшелігі музей қызметкерлерінің ғылыми ізденістері барысында қазақтың ұлттық киімдерімен музей қоры толықтырылған. Зерттеу барысында мысалға бірнеше актілер келтірілді. Осы жылы Байганин ауданына этнографиялық экспедиция кезінде жинақталған заттар да музей қорының этнографиялық коллекциясын толықтырған. Атап айтатын болсақ 1984 жылдың № 40 қабылдау актісінде шебер Қарамұқан Басшиннің қолынан шыққан бұйымдарын баласы Шарықбай Қарамұхановтан 700 рубльге сатып алынғаны тіркелген. Мұнда шебердің қолынан шыққан бұйымдармен тұтынған құрал-жабдықтары бар. Осы жылы Ақкенжина Әуес Қатешқызынан сүйектелген шай сандықты 100 рубльге сатып алынғаны № 47 қабылдау актісінде жазылған. Заттың аңызында негізі ағаштан жасалып, сыртын сүйекті ұқсатып өрнектеліп жасалған көркем сандықтың шебері А. Аекін екені жазылған. Сандық 10097 тіркеу нөмірімен тіркелген (Годовой отчет о работе музея за 1984 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 274., 52,61,45,40б).

1985 жылы музей қорының этнографиялық коллекциясын зергерлердің құралдары толықтырып, музей экспозициясына қою мақсатында жүйеленген. Сонымен қатар осы жылы түрлі зергерлік бұйымдармен музей қоры толыққан. Ағаш шеберлерінің тұтынған құрал-жабдықтары осы жылы түгенделген, музей қорына қажетті ағаштан жасалған этнографиялық заттар белгілі болған. Музей қорындағы 6 қанатты ағаш үйдің жабдықтарына жүннен жасалған бау-

басқұрлар да түгенделіп алынған. Музей қорына қазақтың музыкалық аспаптары жинақталған (Годовой отчет о работе музея за 1985 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 276., 46)

1985 жылдың қабылдау актісінде қазақтың зергерлік бұйымдарымен музей қорын толықтыру жұмыстары жүргізілген. Айтпаев Жамиден 6 дана көркем жасалған зергерлік бұйымдар 60 рубльге сатып алынған. В.С. Бердібаевадан әйел адамдар тағынған күмістеліп жасалған белдікті 100 рубльге сатып алған. Тажігұлова Дәмештің қолынан шыққан құрақ көрпе, Есенқұлова Қымбаттың жасаған қоржыны музей қорына қабылданған. 1985 жылы жаңа экспозицияны толықтыру мақсатында қазақ халқының сусын ішіуге арналған ағаш ыдыстары кесе, ожау, шара, табақ секілді барлығы 10 дана экспонат 1027 сомға Алматы Қазмузейден сатып алынған. Бұл деректер № 29 актіде берілген [46, 66]. Осы жылы қазақ халқының ұлттық зергерлік бұйымдары музей қорына көптеп алынып, сонымен қатар Ақтөбе өңіріне түрлі тарихи оқиғамен қоныстанушылардың этнографиялық бұйымдары музей қорын толықтырған. Олар И.Н. Степновадан булы үтік, Г.А. Лариннен самаурын алынғандығы жөнінде қабылдау актілері тігілген (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1985 год., 1, 60, 64б).

1986 жылы музей қорындағы экспонаттар саны 38280 дана экспонат, оның 31614 данасы негізгі қорға, 6666 қосымша қорға тіркелген. 1986 жылы 2791 дана экспонат тіркелген. Қолөнер бұйымдарынан есепті кезеңде ерекше зергерлік бұйымдар музей қорын толықтырған. Олар құдағи жүзік, шашбау, сәукеле, ағаштан ерекше әсемдікпен жасалған жастық ағаш. Осы жылы келіп түскен 430 дана құнды металдан жасалған экспонат Поволжие сынамалық қадағалау инспекциясының сараптамасынан өткен. (Годовой отчет о работе музея за 1986 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 273., 11-12б).

1987 жылы музей қорына қолөнер бұйымдарын, тұрмыстық және этнографиялық заттарды жинақтау жұмыстары жоспарлы түрде жалғасын тапқан. Жоспарлы жұмыс барысында үйші Шәңгерей Әмиевтің құралдары музей қорына алынған. Шалқар ауданындағы көрнекті зергер Кеңес Орынбаевтың құралдары мен зергерлік бұйымдары музей қорын толықтырған. Жүйелі жұмыс барысында өлкемізде Есказина Ж., Абдуллина Ш., Нысанғалиева, Кадыров С. және басқа да шеберлердің бар екені белгілі болған. Музей қорына келіп түскен көптеген қолөнер бұйымдары музей қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында жинақталған (Годовой отчет о работе музея за 1987 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 271., 3б)

1987 жылы музей қоры 41244 дана экспонатқа жетіп, оның 33710 данасы негізгі қорға, 7534 дана қосымша қорға тіркелген. Есепті кезеңде қолөнер бұйымдардан зергерлік бұйымдардың асқан шеберлікпен жасалған түрлері: өңіржиектер, білезіктер және тағы басқалары жинақталған. Этнографиялық және тұрмыстық бұйымдардан ұлттық киімдердің бірі күпі, ши, бау-басқұрлар. Бау-басқұрлар ерекше әсем ою-өрнектермен безендіріліп, қанық бояулармен дайындалған. Есепті кезеңде түскен этнографиялық заттардың ең құндысы ерекше әсемдікпен жасалған ағаш үйдің есігі. Ағаш есік өрнектерді ойып жасау әдісімен дайындалып, қанық бояумен сырланған. Есік 1929 жылы дайындалған. Есіктің жасалу технологиясы ерекше шеберлікпен дайындалған. Барлық

аталған экспонаттар музейдің негізгі қорына тіркелген. Жыл бойы қордың ішкі жұмыстары жүйеленіп, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1987 год., 9-10б).

1988 жылы Құлдыбаева Сауленің қолынан шыққан түйе жүн шекпен № 20 қабылдау актісімен 10839 тіркеу нөмірімен тіркеліп, оның музей қорына берген шыбыртқысы барлығы 80 рубльге сатып алынған. Қабылдау актісінде шыбыртқыны Шарипов Байжан қолдан жасағаны жазылған. 1988 жылы облыстық музейде жоспарлы түрде өлкенің шеберлері туралы мәліметтер жинақтау жұмыстары жүргізіліп, Темір және Байганин ауданының К. Наурызалина, К. Оразова, О. Карамуханова секілді шеберлердің мәліметтері мен бұйымдары жинақталған.

Музейде 1988 жылы 43065 дана экспонат болып, оның 34879 данасы негізгі қорға, 3186 дана қосымша қордағы экспонаттар саны. Жыл ішінде этнографиялық топтамада ерекше құдағи жүзік, білезіктер, өңіржиектер және тағы басқа күмістен жасалған зергерлік бұйымдар жинақталған. Сонымен қатар тұрмыстық бұйымдардың кешенді заттары жинақталған. Олар: күпі, сандықтар, ши, бау-басқұрлар (Годовой отчет о работе музея за 1988 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 296., 47,4,9-10б).

1988 жылы қазақ халқының этнографиялық аяққап, шәйнекқап секілді дүниелерін заманға сай фабрикадан шыққан жұқа киізден дайындалған түрлері музей қорына № 11000–11003 тіркеу нөмірімен қабылдаған. Барлығы 120 рубльге сатып алған. Осы жылы Ырғыз ауданының тұрғыны А. Рахметовтен ертұрманды 250 рубльге сатып алған. Байганин ауданы Абай совхозының тұрғыны Р.А. Жылқайдаровадан қоңыр түсті былғарыдан қолдан жасалған кебіс 30 рубльге сатып алынған. Кебісті Жылқайдарова Сауле киген. Шебері Қази (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1988 год., 1,7,88б).

1990 жылы музей қорына Шалқар ауданының белгілі шеберлері А. Уайсованың қолынан шыққан ерекше өрнектермен көркем жасалған текемет, Кетікованың қолынан шыққан қанық бояулармен әсем өрнектелген бау-басқұрлары музейдің этнографиялық коллекциясын толықтырған. Қазақ халқының ұлттық зергерлік бұйымдарының көркем туындылары музей қорына сатып алынған (Годовой отчет о работе музея за 1990 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 302., 4б).

1990 жылдары қазақ халқының тұрмыста қолданған бұйымдары музей қорын толықтырған. Қыл арқан, қауға арқан, қамшы музей қорына қабылданған. Нұртаева Ұмсындық Ұмбетәлиқызынан қапсырма ілгектердің түрі, ат әбзелдерінің бөлшектері сатып алынған (АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1990 год., 3бб). Осы жылдары музей қорына тақыр кілемдер, тікпе текеметтер, алашалар қабылданып этнографиялық коллекция толығы түскен.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы этнографиялық бұйымдар 1929 жылдан бастап түрлі даму және тоқыраудан өткені зерттеу барысында байқалады. 1930-жылдары ұжымдастыру, қоныстанушылар кезінде тәркіленген ұлттық нақыштағы заттарды музей қызметкерлері базардан және Торғина дүкенінен алып, музей қорын толықтырған. Олардың барлығы бірдей

бүгінгі күнге ғимараттың болмауына байланысты жетпегенімен, музей қорындағы бүгінгі күнде де ерекше құндылығы бар кейбір заттар сонау 1930–1950 жылдары музей қорына түскен қыжым кебіс, зергерлік бұйымдардың кейбірі, ұлттық нақышта зерленген шапан, көйлектерді атауға болады. Музейге түскен экспонаттарды жүйелеу жұмыстары арнайы жүйеленіп, каталогтау жұмыстары біркелкі жүргізілмеген.

1965 жылға дейін қабылдау актілері толтырылмаған. 1965 жылдан бастап толтырылған актілер 1980 жылға дейін жүйеленіп түптелмеген. 1980 жылы қорға түскен экспонаттарды тіркеу кітабы қайта жазылып, түпнұсқа кітаптың сақталмауы музей қорына түскен барлық топтамадағы жәдігерлердің тарихы мен жүйеленуіне өзгерістер берген.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда музей ісінде айтарлықтай өзгерістердің болғандығы музей қорында сақталған құжаттардан да көрініс тапқан. Жаппай мәдени көпшілік шаралардың басым көпшілігі ұлттық тарих бағытында жүргізілгендігі, қор құжаттарының өзі қазақ тілінде жазылып, жаңадан тіркелген экспонаттарға қазақ тілінде ғылыми сипаттамалар берілгендігі көрініп ақ тұр. Сондай жұмыстардың бірі музей қорын толықтыру мақсатында жүргізілген іс-шаралар. 1999 жылы ұйымдастырылған «Болашаққа мұра болар сыйлықтар» акциясы күні бүгінге дейін дәстүрге айналып, қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын құнды жәдігерлер музей қорын толықтыруда.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылы өлкеге қатысты қазақтың қолөнер бұйымдарын жинақтау жұмыстары жүргізілген. Олардың ішінде Шалқар ауданының тұрғыны Уайсова Ақсабақтан бау-басқұрлардың түрі сатып алынған. Сонымен қатар қолдан жасалған қазақтың ұлттық музыка аспаптары домбыраның «Абай домбыра», «Қалақ домбыра» деген түрлері музей қорын толықтыра түскен.

Музей экспозициясын ұлттық бұйымдармен жаңғырту мақсатында Батыс Қазақстанға тән қатырма жаулық (кимешек) қолөнер шебері Күлипа Жұбаниязоваға арнайы тапсырыспен дайындатып, экспозицияға қойылған. Байғанин ауданының шебері М. Қарамұханова арнайы тапсырыспен бөрік дайындаған.

Осы жылы Орынбор облысындағы Тұзтөбе қаласына қазақ мәдениеті күндері аясында музей қорында сақталған этнографиялық топтаманың құнды экспонаттары ұлттық киімдері: қыжым кебіс, зерлі шапан, түлкі, қасқыр ішіктері, ағаштан, күмістен жасалған сәндік-тұрмыстық бұйымдар көрмеге қойылып, көпшілікке насихатталған (Отчет о деятельности АОИКМ за 1991 год. Инв.306 – 6,7, бб.,).

Шалқар ауданының тұрғыны Әужаев Тыныштықтан ер-тұрманды 700 рубльге сатып алған. Шошақ бас ер-тоқымның шебері Махамбет деп қабылдау актісінде жазылған.

Музей қорының этнографиялық топтамасына ерекшелігі жағынан қазақ халқының көшпелі мәдениетінен мирас болған заттай құндылықтарының бірі – тең тұрақты сақтауға түсті. Теңді Сағиданова Алимадан 40 рубльге сатып алған. Сонымен қатар осы жылы Жақсығұлов Зейнноладан кебеже, сандық, жүгендерді барлығы 100 рубльге сатып алған. Бүгінде музей қорында

кебеженің НҚТ–12121 тіркеу нөмірінде кебеженің алдыңғы бетінің бір тақтайшасы ғана сақталған. Қабылдау актісінде кебеженің толық музей қорына қабылданып, оның сақталуына бір жақтауында ақау барын, жоғарғы қақпағының бір тақтайшасының жоқтығы жазылған (АКТ приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1991 год., 121-122б).

Және де музейдің жылдық есебінде музей қызметкерлерінің Шалқар және Қобда ауданына жоспарлы экспедиция барысында музей қоры 2 киіз үй мен белгілі ағаш шебері Айдос Мұратовтың қолынан шыққан 2 кебеже және төсек ағашпен толыққандығы айтылады (Отчет о деятельности АОИКМ за 1991 год. Инв.306 – 8б).

1992 жылы жалпы музей қоры 57471 дана экспонатқа жетіп, оның 38876 данасы негізгі қорға, 18595 данасы қосымша қорға тіркелген. Осы жылы музей қоры 2601 дана экспонатқа толыққан. Музей қызметкерлерінің ғылыми ізденісі барысында бірнеше тақырыптарға сай экспозицияны толықтыру мақсатында этнографиялық топтамада Күлипа және Қуандық Жұбаниязовтардың қолынан шыққан заттармен толықты. Олар ағаш үйдің жиһаздары мен жасаулары. Есет батырдың 325 жылдығы қарсаңында ежелгі қазақ жауынгерлерінің қару-жарақ этнографиясы зерттеліп, белгілі шеберлер ағайынды шеберлер Құлмантегілерге тапсырыспен садақ, қорамсақ, қалқан, дулыға, найза, дойыр, күрзі, босмойын, сауытбұзар, айбалта, қолайбалталар жасатылып, музей қорын толықтырған. Осы жылы музей қорын қылқобыз, тоқылдақ, тұяқтас, сылдырмақ, асатаяқ, домбыра секілді музыкалық аспаптар толықтырған. Музей қорына томаға, биялай, балақбау, шырға, тұғыр, сокпан, сойыл, шокпар, торсықтарды Алматы қаласындағы «Мирас» комбинатынан сатып алған. 1992 жылдың № 53 қабылдау актісінде де «Мирас» комбинатынан алынған бір қатар этнографиялық заттарды аңғаруға болады. Онда прима қобыз – шебері Адинаев, қыл қобыз – шебері Иманбаев, сокпан –шебері Иманбаев, ешкі терісінен жасалған мес піспегімен шебері Күзенбаев, музыкалық аспап тұяқтас – шебері Жакупов, ағаштан жасалған кесеқап – шебері Сыпатаев, сылдырмақ – шебері Мамытов, асатаяқ –шебері Мамытов, домбыра, білезік сатып алынған. Бұл бұйымдар музей қорында бұрын болмаған этнографиялық құндылығы жоғары жәдігерлер болатын. Сонымен қатар музейдің археология және этнография ғылыми-зерттеу бөлімі қалалық «Өнер» көркем-сурет қорымен тығыз байланыста қызмет атқарып, қорда қызмет атқаратын шеберлердің қолынан шыққан дастархан, алаша сатып алған. Қала тұрғыны А.П. Жоламановадан қалауыш, Құрманалин Алмаздан ағаштан жасалған «Хан тағын» сатып алған. Қор бөлімінің қызметкерлері келіп түскен музей экспонаттарын өңдеуден өткізіп, жүйелеп, сақтау орындарын белгілеген. Қорда 799 дана қымбат металл бұйымдардың барлығы сынамалық зертханадан өткен. Жыл ішінде бағалы металл бұйымдар мен қару-жарақ топтамаларына ғылыми түгендеу жұмыстары жүргізілген (Отчет о работе АОИКМ за 1992 год. Инв. № 307., 4,7б).

1993 жылы этнографиялық коллекцияны толықтыру мақсатында Октябрь, Шалқар аудандарына ғылыми экспедиция ұйымдастырылған. Музей қорына жыл ішінде қазақтың этнографиялық бұйымдары көптеген заттары келіп түскен. Олардың ішінде шебер Бекниязова Төренің қолынан шыққан түйе жүн

күпі, түлкі тымағы тапсырылған. Ол күпі Ырғыз ауданына белгілі шешен Амандық шешен Еламанов (1902–1964 жж.) киген. Шалқар қаласының тұрғыны М.И. Сансызбаевадан басқұр, бау, уық бау, кереге таңғыш, баулардың түрлерін сатып алған. Этнографиялық топтамасына Қызылорда облысы Арал ауданының тұрғыны Аймышов Қадірхан Төлекұлынан әйел түлкі ішігін 60000 рубльге сатып алған. Қалалық көркем-сурет қорында дайындалған С.Алимбаеваның қолынан шыққан шиді 2700 теңгеге сатып алған. Шидің ерекшелігі сары түстермен күн нұры бейнеленген. Сонымен қатар қалауыш, бау-басқұр, таңғыш, кереге бау, әйел ішігі, 14 бөліктен тұратын кемер белдік, сырға, қапсырмалар экспедиция барысында жинақталған. 1993 жылы зергерлік бұйымдардың ғылыми паспорттары жазылған. Қазақстан Республикасы Мәдениет Министрлігінің 20 шілде 1992 жылғы № 129 жарлығымен Алматы қаласындағы «Алтын бұйымдар» музейі қорына құнды заттар тапсырылған. Алайда музейдің жылдық есебінде құнды заттардың неше данасы Алматы қаласындағы музей қорына ауыстырылғаны жазылмаған (АОТӨМ 1993 жылғы жұмысының есебі. Инв. № 312., 7-8б).

Қазанғап Тілепбергенұлының туғанына 140 жылдығына арналған «Сазды әуенге саяхат» атты қазақ халқының музыкалық аспаптарының көрмесі өтіп, көрме барысында музей қорындағы Гафуровтың, Қ. Басшиннің қолынан шыққан домбыралары және жас шеберлер Ерқосай Әбіловтің, Жетес Жәмековтің, Шалқар ауданының тұрғыны Ерден Есбаевтың қолынан шыққан музыкалық аспаптар көпшіліктің қызығушылығына ие болып, музей қорына алынған. 1994 жылы музей қорындағы ең үлкен коллекцияларға инвентарлық түгендеу жұмыстары жүргізілген. Соның ішінде этнографиялық коллекциядан әшекей бұйымдарды түгендеген. Осы жылдың есебінде 793 дана бағалы металл болуы мүмкін заттар сынамалық бақылауға дайындалған (Отчет о работе АОИКМ за 1994 год. Инв. № 313., 13,15б).

1996 жылы музейдің қоры Қ. Жұбаниязовтың (бесік, торсық, піспек, жүкаяк, сабааяк, ет табақ, қоға сыбызғы) этнографиялық заттарымен толыққан (Отчет о работе АОИКМ за 1996 год. Инв. № 345., 15б).

1997 жылы қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары – әйелдердің әшекей бұйымдары: көзді білезіктер, жүзіктер, шашбау, тұмарша, сәукеленің әшекей бөлшектері келіп түскен (Отчет о работе АОИКМ за 1996 год. Инв. № 345., 10б). Шебер Нұрлан Жақыбаевтың қолынан шыққан бесік жасауымен 15000 теңгеге сатып алынған. Аталған жылда әсемдік бұйымдардың каталогын шығару жоспарланып, қаражаттың тапшылығынан орындалмай қалғандығы баяндалады (Отчет о деятельности АОИКМ за 1997 год. Инв. № 397., 17б).

1998 жылы Ақтөбе қаласы Жилинка тұрғыны Ержанова Рахиядан ұлттық нақышта орындалған байырғы шеберлердің зергерлік бұйымдары: көзді білезіктер, сәукеленің әшекей жиегі – жырға, металл білезіктердің фрагменттері, Моңғолия қазақтарының өнер туындылары – киіз үйдің бау, басқұрлары қабылданған.

1999 жылы Музей қорын толықтыру мақсатында «Болашаққа мұра болар сыйлықтар» акциясын тұңғыш ұйымдастырған. Осы жылы ұлттық нақышта орындалған табақша, иінағаш, сандықша, камшы, байырғы шеберлердің зергерлік бұйымдары: күмістелген ұршық, оймақ, қасық, ХІХ ғасырдың

аяғында Ресейде шығарылған самаурын қабылданған (Отчет АОИКМ за 1999 год. Инв. № 593., 126).

2000 жылдан бері қарай 1999 жылы бастауын алған «Болашаққа мұра» акциясы (бүгінде «Жәдігер жерде қалмасын»), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында, түрлі экспедициялар мен өткізілген шаралардың нәтижесінде, тұрғындардың тапсырған заттарымен музейдің этнографиялық коллекциясы үлкен қорға айналды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің этнографиялық коллекциясы ұлттық құндылық болып табылады. XX ғасырға жататын ұлттық зергерлік әшекей бұйымдар, атақты шебер Айдос Мұратовтың, шебер Қуандық Жұбаниязовтың ағаштан жасалған бұйымдарының топтамалары, ат әбзелдері, ұлттық киім үлгілерінің түрлері, киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдықтары, тұрмыстық заттар т.б. көптеген құнды заттардан құралған. Бұларды болашақта сақтап, егжей-тегжейлі зерттеу алдағы уақыттың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1966 года.
- 2 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1977–1979 годы. №14.
- 3 Акты приема экспонатов, протоколы фондово-закупочный комиссии 1968 г.
- 4 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1969–1970 годы.
- 5 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1983 год.
- 6 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1985 год.
- 7 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1987 год.
- 8 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1988 год.
- 9 АКТы приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1990 год.
- 10 АКТ приема экспонатов, протоколы фондово-закупочной комиссии 1991 год.
- 11 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі – ғылыми-зерттеу, насихат орталығы. – Ақтөбе, 2009.
- 12 АОТӨМ 1993 жылғы жұмысының есебі. Инв. № 312.
- 13 АОММ – 13 қор, 1 тіркеу, 3935 іс.
- 14 Годовые отчеты о работе музея за 1931–1946 гг.// Научный архив АОИКМ, Инв. № 1.
- 15 Годовой отчет о работе музея за 1947–1949 гг. // Научный архив АОИКМ. Инв. № 3.

- 16 Годовой отчет о работе музея за 1950 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 4.
- 17 Годовой отчет о работе музея за 1951 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 5.
- 18 Годовые отчеты о работе музея за 1951–1952 годы. // Научный архив АОИМК.
- 19 Годовой отчет о работе музея за 1953 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 7.
- 20 Годовой отчет о работе музея за 1957 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 18.
- 21 Годовой отчет о работе музея за 1958 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 9.
- 22 Годовые и полугодовые отчеты научных сотрудников за 1967–1969 годы. // Научный архив АОИМК. Инв. № 11.
- 23 Годовой отчет о работе музея за 1969 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 13.
- 24 Годовой отчет о работе музея за 1983 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 275.
- 25 Годовой отчет о работе музея за 1984 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 274.
- 26 Годовой отчет о работе музея за 1985 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 276.
- 27 Годовой отчет о работе музея за 1986 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 273.
- 28 Годовой отчет о работе музея за 1987 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 271.
- 29 Годовой отчет о работе музея за 1988 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 296.
- 30 Годовой отчет о работе музея за 1990 год. // Научный архив АОИМК. Инв. № 302.
- 31 Ғасырлар мұрасының шырақшысы // Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі / М.Н. Дүйсенғалидің жалпы редакциясымен. – Ақтөбе, 2014.
- 32 Отчет о деятельности АОИМК за 1991 год. Инв.306 – 6,7,8 бб.
- 33 Отчет о работе АОИМК за 1992 год. Инв. № 307.
- 34 Отчет о работе АОИМК за 1994 год. Инв. № 313.
- 35 Отчет о работе АОИМК за 1996 год. Инв. № 345.
- 36 Отчет о деятельности АОИМК за 1997 год. Инв. № 397.
- 37 Отчет АОИМК за 1999 год. Инв. № 593.